

Бекітетін
Мектеп директоры Досмаилова Р.И.
«29» 2025 жыл

«ЖАС МАМАН МЕКТЕБІ» 2025-2026 оқу жылына арналған жұмыс жоспар

№	Қызмет мазмұны	Орындаушылар	Мерзімі
1	Тәлімгерлерді, өздігінен білім алу тақырыбын, жұмыс жоспарын анықтау. Сынып құжаттарын рәсімдеу бойынша кеңес беру (жеке іс, күнделікті). Портфолио құру.	Директор орынбасарлары Туякова Н.У.	Қыркүйек
2	Әкімшілік пен жас мамандардың "Оқыту мен тәрбиелеу: кәсібилік пен табысқа бірге" атты дөңгелек үстелі	Директордың оқу-әдістеме ісі жөніндегі орынбасары, Туякова Н.У. Тәлімгерлер.	Қыркүйек
3	Әдістемелік бірлестікте әріптестердің сабақтарына қатысу	Директордың оқу-әдістеме ісі жөніндегі орынбасары, Туякова Н.У.	Қазан
4	Жас маман мектебі. "Сабақтың түрлері мен құрылымы" тақырыбында семинар	Директордың оқу-әдістеме ісі жөніндегі орынбасары, Туякова Н.У. ӘБ жетекшілері, тәлімгерлер	Желтоқсан
5	Әдістемелік кеңестер: "Оқушыларды зерттеу конкурстарына дайындау"	Директордың оқу-әдістеме ісі жөніндегі орынбасары, Туякова Н.У. ӘБ жетекшілері, тәлімгерлер	Қаңтар-ақпан
6	«Педагог-шеберлер тәжірибемен бөліседі» тақырыбында әдістемелік кеңес	Директордың оқу-әдістеме ісі жөніндегі орынбасары, Туякова Н.У. ӘБ жетекшілері, тәлімгерлер	Жыл бойы
7	Жас мұғалімдердің онкүндігі. Әдістемелік көмек көрсету мақсатында жас мамандардың пән мұғалімдерімен, тәлімгерлермен сабақтарына қатысуын ұйымдастыру	Директордың оқу-әдістеме ісі жөніндегі орынбасары, Туякова Н.У. ӘБ жетекшілері, тәлімгерлер	Жыл бойы
8	"Жаңа білім беру стандарттары жағдайында оқытуды даралау және саралау" - жеке тұлғаға бағытталған сабақтағы мұғалімнің қызметі	Директордың оқу-әдістеме ісі жөніндегі орынбасары, Туякова Н.У.	Наурыз
9	Кәсіби қиындықтарды анықтауға сауалнама жүргізу, ұжымдағы мұғалімнің жайлылық дәрежесін анықтау	Директордың оқу-әдістеме ісі жөніндегі орынбасары, Туякова Н.У.	Жыл бойы
10	Жас мұғалімнің кәсіби жетістіктерінің әдістемелік көрмесі (атқарымдарды жүйелеу)	Директордың оқу-әдістеме ісі жөніндегі орынбасары, Туякова Н.У. ӘБ жетекшілері, тәлімгерлер	Жыл бойы
11	Жас мұғалімдердің шығармашылық есебі. Жас мұғалімнің портфолиосы	Директордың оқу-әдістеме ісі жөніндегі орынбасары, Туякова Н.У. ӘБ жетекшілері, тәлімгерлер	Мамыр



2025-2026 оқу жылындағы «Жас мамандар» мектебі отырысының жоспары

Жұмыстың бағыты	Атқарылатын шаралар	Күтілетін нәтиже	Мерзімі	Жауапты
I отырыс	1. «Жас маман» мектебінің жұмыс жоспарымен таныстыру. 2. Оқу-тәрбие үрдісіндегі нормативтік құжаттармен, әдістемелік нұсқаулықпен таныстыру, оқушыларды оқытуда қойылатын гигиеналық талаптармен таныстыру. 3. ҰМЖ, ОМЖ, ҚМЖ құруға көмек көрсету.	Жаңа жұмыс бағытымен танысу Құжаттармен, әдістемелік нұсқаулықпен танысу	Қыркүйек	ОІЖО Туякова Н.У Тәлімгер
II отырыс	1. Жас маманның бейімделуі (зерт.қорытындысы) 2. Баяндама «Күнделікті сабақ жоспарын, күнтізбелік сабақ жоспарын жазу тәсілі жайында»	Зерттеу қорытындысымен танысу Тәлімгер	Қазан	Тәлімгер Жұбатқан Т.С ОІЖО Туякова Н.У
III отырыс	1. Жас мамандар мен тәлімгерлердің есебі (1-ші ж.ж.) 2. «Сабақта инновациялық әдіс-тәсілдерді қолдану» жас мамандарға әдістемелік көмек (дөңгелек үстел)	Жарты жылдық бойынша есеп Тәлімгер	Желтоқсан	Тәлімгерлер Жұбатқан Т.С ОІЖО Туякова Н.У
IV отырыс	1. «Мұғалімнің кәсіби қиыншылықтарды жеңу жолдары» психолог кеңесі 2. «Менің кәсіби өсуімдегі тәлімгер көмегі» жас мұғалімдер мен тәлімгерлердің бірігіп сабақ беруі	Тәлімгерлік бойынша жұмыс бағытын жетілдіру	Наурыз	Әдіскер Туякова Н.У, Тәлімгерлер, жас мамандар
V отырыс	1. «Жас маман» мектебі жұмысының қорытындысы туралы жылдық сараптама 2. Жас маман мен тәлімгер есебі	Жылдық сараптама арқылы жаңа оқу жылына жаңа жұмыстар	Мамыр	Әдіскер Туякова Н.У Тәлімгерлер, жас мамандар

Хаттама №1

«Жас мамандар» мектебінің отырысы

08.09.2025

Қатысуға тиісті: 5

Қатысқаны: 5

Күн тәртібінде:

- 1.«Жас маман» мектебінің жұмыс жоспарымен таныстыру.
2. Оқу-тәрбие үрдісіндегі нормативтік құжаттармен, әдістемелік нұсқаулықпен таныстыру, оқушыларды оқытуда қойылатын гигиеналық талаптармен таныстыру. 3. ҰМЖ, ОМЖ, ҚМЖ құруға көмек көрсету.

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша Туякова Н.У 2025-2026 оқу жылына арналған жұмыс жоспарымен, оқу-тәрбие үрдісіндегі нормативтік құжаттармен, әдістемелік нұсқаулықпен таныстыру, оқушыларды оқытуда қойылатын гигиеналық талаптармен таныстыру. таныстырып өтті. Жас ұстаздың кәсіптік қызмет картасы төмендегіше болатынын түсіндірді.

- Кәсіптік табыстары рейтингісінің жылдар бойынша өсуі.
- Әдістемелік жұмыстары
- Кәсіптік жаңашылдық қызметі
- Кәсіптік тұлғасы: негізгі мәселені анықтай алуы, жобалар құра білуі, өз қызметі бойынша есептер, мақалалар жаза алуы, төзімділігі, адами-рухани, психологиялық сапалары, қарым-қатынас шеберлігі
- Пән бойынша сыныптан тыс жұмыстары
- Қоғамдық педагогикалық қызметі

Осындай кесте әрбір жас маманның нақты әрі нәтижелі жұмыс істеуіне жетекші бола алады. Жас мұғалімдердің өзін-өзі үзбей жетілдіру қажеттілігін қалыптастыру мақсатында жыл бойы ашық сабақтар, психологиялық тренингтер, іскерлік ойындар, семинарлар жүргізілетіні және оқу жылының соңында “үздік жас маман” байқауы қорытындыланатыны айтылды. Мектеп директорының бұйрығымен жас мамандарға бекітілген тәлімгер мұғалімдер таныстырылды. ҰМЖ, ОМЖ, ҚМЖ құруға көмек көрсету, одан әрі жас мамандарды сабақты жақсы өткізуге мүмкіндік беретін ережелермен таныстыру жүргізілді. Жас мамандарға еңбек тәртібі, өзін-өзі ұстау мәдениеті және қоғамдық жұмысқа белсене араласу, педагогикалық ортамен тығыз байланыс орнату мәселелері ескертілді. Жас мамандарға бекітілген тәлімгерлер өздеріне бөлінген жас мамандармен жүргізетін жұмыс жоспарларын таныстырып өтті.

Жиналыс қаулы етеді:

1. 2025-2026 оқу жылындағы жоспарланған жұмыстар уақытында орындалсын;
2. Жас мамандарға еңбек тәртібін қатаң сақтай отырып, негізгі ережелерде көрсетілген міндеттерді орындау тапсырылсын;
3. Тәлімгерлер мен жас мамандардың бірлесіп жұмыс істеуі қолға алынып, әр жартыжылдық сайын есебі тыңдалсын.

Отырыс төрайымы: Туякова Н.У.
Хатшысы: Естайлакова А.А

Хаттама №2

«Жас мамандар» мектебінің отырысы

20.10.2025

Қатысуға тиісті: 5

Қатысқаны: 5

Күн тәртібінде:

1. Жас маманның бейімделуі (зерт.қорытындысы) Жауапты: Жұбатқан Т.С.
2. Баяндама «Күнделікті сабақ жоспарын, күнтізбелік сабақ жоспарын жазу тәсілі жайында» Жауапты: Туякова Н.У.

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі 1-мәселе бойынша Жұбатқан Т.С сөз сөйлеп, жас маманның бейімделуін бақылау қорытындысы туралы айтты. Жас мұғалімдердің өзін-өзі үзбей жетілдіру қажеттілігін қалыптастыру мақсатында жыл бойы ашық сабақтар, психологиялық тренингтер, іскерлік ойындар, семинарлар, мектепшілік іс-шараларға белсене қатысып отыратындығы айтылды. Жас маманның бейімделуін бақылау мақсатында бірнеше сабақтарына, өткізген іс –шараларына қатысып бақыланды. Оқытудың инновациялық әдіс-тәсілдерін қолданудың ерекшеліктері жайлы мәселелер қозғалып, тәлімгерлер мен жас мамандар арасында ой бөлісу жүзеге асты. Жаңа инновациялық педагогикалық технологияның негізгі, басты міндеттері : – әрбір білім алушының білім алу, даму, басқа да іс-әрекеттерін мақсатты түрде ұйымдастыра білу; – білім мен білігіне сай келетін бағдар таңдап алатындай дәрежеде тәрбиелеу; – өз бетінше жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру, дамыту; – аналитикалық ойлау қабілетін дамыту болса, осы жолда қазіргі заманғы мұғалім мәртебесіне лайық болу әрқайсысымыздың міндетіміз. Осы тақырыптағы ойларды тәлімгер мұғалім Жұбатқан Т.С қорытындылап, жас мамандарға ақыл-кеңестерін берді.

Күн тәртібіндегі 2-мәселе бойынша Туякова Н.У сөз сөйлеп, «Күнделікті сабақ жоспарын, күнтізбелік сабақ жоспарын жазу тәсілі жайында» тақырыбында баяндама оқыды. Баяндамасында күнделікті сабақ жоспары мен күнтізбелік-тақырыптық жоспарды құрастырудың талаптары, құрылымы және оларды тиімді ұйымдастыру жолдары жан-жақты түсіндірілді. Сондай-ақ оқу үдерісінде жоспарлаудың маңыздылығы атап өтіліп, мұғалімдерге әдістемелік ұсыныстар берілді.

Қаулы етті:

1. Тәлімгерлер жас мамандардың бейімделуін қадалап, көмек көрсетілсін.
2. Тәлімгер жас маманның сабақ жоспарларын зерделеп, күнделікті және күнтізбелік-тақырыптық сабақ жоспарларын қолданыстағы талаптарға сәйкес рәсімдеуіне әдістемелік көмек көрсету жалғассын.

Отырыс төрайымы: Туякова Н.У.
Хатшысы: Естайлакова А.А

Хаттама №3

«Жас мамандар» мектебінің отырысы

25.12.2025

Қатысуға тиісті: 5

Қатысқаны: 5

Күн тәртібінде:

1. Жас мамандар мен тәлімгерлердің есебі (1-ші ж.ж.) Жауапты: Жұбатқан Т.С.
2. «Сабақта инновациялық әдіс-тәсілдерді қолдану» жас мамандарға әдістемелік көмек (дөңгелек үстел) Жауапты: Туякова Н.У.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша Жұбатқан Т.С. сөз сөйлеп, жас мамандар мен тәлімгерлердің 1-ші жартыжылдықтағы жұмыс есебі туралы баяндады. «Тәлімгерлікті ұйымдастыру қағидаларын және тәлімгерлікті жүзеге асыратын педагогтерге қойылатын талаптарды бекіту туралы» ҚР 2020 жылғы 24 сәуірдегі № 160 бұйрығын негізге ала отырып, осы оқу жылында ЖОО бітірген бір жас маманға бір оқу жылы кезеңіне тәлімгерлікті жүзеге асыратын педагог бекітілгенін, биылғы оқу жылында Төленді Арайлым физика пән мұғаліміне - тәлімгер Жұбатқан Темірлан Сапарғалиұлы, педагог-сарапшы, математика пән мұғалімі тәлімгер болып тағайындалғандығы туралы атап өтілді. Жеке жұмыс жоспарларының құрылып, жоспарға сәйкес жүйелі түрде жұмыстар жүргізілгені айтылды. Жас мамандардың кәсіби бейімделуіне қолдау көрсету мақсатында ашық сабақтарға қатысу, сабақтарды бірлесіп жоспарлау, әдістемелік кеңестер беру, сабақтарға талдау жасау жұмыстары ұйымдастырылғаны атап өтілді. Сонымен қатар жас мамандардың құжаттамаларды жүргізуі, күнтізбелік-тақырыптық жоспар құруы және заманауи оқыту әдістерін қолдану деңгейіне мониторинг жүргізілгені баяндалды. Есеп қорытындысында жас мамандардың кәсіби шеберлігінің артып келе жатқаны, әдістемелік қолдаудың оң нәтиже бергені айтылып, алдағы уақытта тәжірибелік бағыттағы жұмыстарды арттыру қажеттігі айтылды. Баяндамасында жас мамандардың оқу-тәрбие үдерісіндегі жетістіктері, тәлімгерлер тарапынан көрсетілген әдістемелік қолдау және алдағы уақытта атқарылатын жұмыстар туралы мәлімет берілді.

Екінші мәселе бойынша Туякова Н.У сөз сөйлеп, «Сабақта инновациялық әдіс-тәсілдерді қолдану» тақырыбында жас мамандарға арналған әдістемелік көмек (дөңгелек үстел) өткізді. Іс-шара барысында сабақта қолданылатын заманауи әдіс-тәсілдер, тиімді педагогикалық технологиялар және тәжірибеде қолдану жолдары талқыланды.

Қаулы етті:

1. Жас мамандарға сабақ барысында инновациялық әдіс-тәсілдерді жүйелі қолдану ұсынылсын.
2. Жас мамандардың кәсіби дамуына бағытталған жұмыстарды күшейту ұсынылсын.

Отырыс төрайымы: Туякова Н.У.
Хатшысы: Естайлакова А.А